

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№3(128)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Арыққарақызы Е. Түрік ақыны Гүлай Сормагештің поэзиясы (Балалар туындыларының ерекшелігі)</i>	<i>8-14</i>
<i>Баекенова А., Тұрысбек Р. Эпистолярлық мұра: хаттар мен хаттасулар (Сәбит Мұқанов жазбалары негізінде)</i>	<i>15-22</i>
<i>Қожашев М. Жамбылдың айтыс өнері: синкреттілік пен шеберлік</i>	<i>23-29</i>
<i>Мусайева И. Әзербайжан классикалық әдебиетіндегі роман жанрының генезисі</i>	<i>30-43</i>
<i>Назарова А., Мансұров Н. «Мифологем» терминінің этимологиялық сипаты</i>	<i>44-50</i>
<i>Рысқұлбекова С., Дүйсенгазы С. Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдісі</i>	<i>51-58</i>
<i>Сыдықбаева А., Аймұхамбет Ж. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизм көрінісі (Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі бойынша)</i>	<i>59-67</i>
<i>Тебегенов Т., Қожашев М. Жамбыл - Ұлы дала жыршысы</i>	<i>68-73</i>

Лингвистика және әдістеме

<i>Абдуова Б. Маманның кәсіби тілдік құзыреттілігі: дерек пен бағдар</i>	<i>74-82</i>
<i>Ержуманова А., Елубай А. Ағылшын тіліндегі Indefinite аспектісі: диахрония мен синхронияда дамуы</i>	<i>83-91</i>
<i>Жұмағұлова В., Кәрімова Б. Қоғамдық санаға ықпал етудегі БАҚ-тың лингвокогнитивтік мүмкіндіктері</i>	<i>92-99</i>
<i>Исенова Ф. Студенттердің жазбаша құзыреттілігін қалыптастырудағы академиялық эссе және оның рөлі</i>	<i>100-106</i>
<i>Құсайынова Ж. Синтаксистік құрылымдағы актуалдану, деактуалдану құбылыстарының грамматикалық заңдылықтарға ықпалы</i>	<i>107-114</i>
<i>Логонова М., Жарқынбекова Ш. Гуманитарлық білім парадигмасындағы «нарратив» түсінігі</i>	<i>115-128</i>
<i>Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері</i>	<i>129-136</i>
<i>Осокина Д., Мұрзалина Б. Ретроним – жаңа ағылшын терминдерін жасаудың амалы</i>	<i>137-145</i>
<i>Сарекенова Қ., Тұрарханова Қ. Қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері</i>	<i>146-152</i>
<i>Шахпұтова З., Нуртазина М. Лингвистиканың бинарлық қарама-қарсылықтары – әлемнің тілдік бейнесіндегі концептуализация тәсілі</i>	<i>153-164</i>

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Arikkarakzy E.</i> Poetry of the Turkish poet Gulay Sormagech (Features of children's works)	8-14
<i>Bayekenova A., Turysbek R.</i> Epistolary Heritage: Letters and Correspondence (based on correspondence of Sabit Mukanov)	15-22
<i>Kozhashev M.</i> Zhambul's Improvisational Art: Syncretism and Word Mastery	23-29
<i>Musaeva I.</i> Genesis of the Novel in Classical Azerbaijani Literature	30-43
<i>Nazarova A., Mansyrov N.</i> Etymological Characteristics of the Term «Mythologeme»	44-50
<i>Ryskulbekova S., Duysengazy S.</i> Independence of Tolgau: Fundamentals and Current Trends	51-58
<i>Sydykbaeva A., Aimukhambet Zh.</i> Manifestation of Anthropomorphism in Modern Kazakh Story (based on Askar Altai's story «Centauri»)	59-67
<i>Tebergenov T., Kozhashev M.</i> Zhambyl - Poet of the Great Steppe	68-73

Linguistics and methodics

<i>Abduova B.</i> Professional Language competence: Facts and Direction	74-82
<i>Erzhumanova A., Elubai A.</i> English Indefinite Aspect: Development in Diachrony and Synchrony	83-91
<i>Zhumagulova V., Karimova B.</i> Linguo-Cognitive Opportunities of Mass Media in Manipulating Public Consciousness	92-99
<i>Issenova F.</i> Academic Essay and Its Role in the Formation of Students' Written Competence	100-106
<i>Kussaiynova Zh.</i> Influence of Actualization and Deactualization Phenomena on Syntactic Laws	107-114
<i>Loginova M., Zharkynbekova Sh.</i> The concept of «narrative» in the paradigm of humanitarian knowledge	115-128
<i>Mamayeva G.</i> Single-rooted Turkic terms	129-136
<i>Ossokina D., Murzalina B.</i> Retronym as a Mean of Formation of New English Terms	137-145
<i>Sarekenova K., Turarkhanova K.</i> Features of Phraseological Units Related to Human Respiratory System in Kazakh and Turkish	146-152
<i>Shakhputova Z., Nurtazina M.</i> Linguistic Binary Oppositions As a Way of Conceptualization of Linguistic World View	153-164

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Арыккарақызы Е.</i> Поэзия турецкого поэта Гулая Сормагеча (Особенности детских произведений)	8-14
<i>Баекенова А., Турысбек Р.</i> Эпистолярное наследие: письма и переписки (по материалам переписки Сабита Муканова)	15-22
<i>Кожашев М.</i> Импровизаторское искусство Жамбыла: синкретизм и мастерство слова	23-29
<i>Мусайева И.</i> Генезис романа в классической азербайджанской литературе ...	30-43
<i>Назарова А., Мансуров Н.</i> Этимологическая характеристика термина «мифологема»	44-50
<i>Рыскулбекова С., Дуйсенгазы С.</i> Толгау независимости: основы и современные тенденции	51-58
<i>Сыдыкбаева А., Аймухамбет Ж.</i> Проявление антропоморфизма в современном казахском рассказе (По рассказу «Кентавр» Аскара Алтая)	59-67
<i>Тебегенов Т., Кожашев М.</i> Жамбыл – поэт Великой степи	68-73

Лингвистика и методика

<i>Абдуова Б.</i> Профессиональная языковая компетентность: факты и направление ...	74-82
<i>Ержуманова А., Елубай А.</i> Indefinite аспект английского языка: развитие в диахронии и синхронии	83-91
<i>Жумагулова В., Каримова Г.</i> Лингвокогнитивные возможности СМИ в воздействии на общественное сознание	92-99
<i>Исенова Ф.</i> Академическое эссе и его роль в формировании письменной компетенции студентов	100-106
<i>Кусаинова Ж.</i> Влияние явлений актуализации, деактуализации на синтаксические закономерности	107-114
<i>Логинова М., Жаркынбекова Ш.</i> Понятие «нарратив» в парадигме гуманитарного знания	115-128
<i>Мамаева Г.</i> Однокорневые тюркские термины	129-136
<i>Осокина Д., Мурзалина Б.</i> Ретроним как средство образования новых английских терминов	137-145
<i>Сарекенова К., Турарханова К.</i> Особенности фразеологических единиц, связанных с системой дыхания человека на казахском и турецком языках	146-152
<i>Шахпуртова З., Нуртазина М.</i> Лингвистические бинарные оппозиции как способ концептуализации языковой картины мира	153-164

FTAMP 17.82.60

Айгерим Баекенова¹, Рақымжан Тұрысбек²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ¹b_aika1996@mail.ru, ²rst58@mail.ru)

Эпистолярлық мұра: хаттар мен хаттасулар

(Сәбит Мұқанов жазбалары негізінде)

Аңдатпа. Мақалада Сәбит Мұқановтың мол шығармашылық мұрасына арқау болған, оқырмандармен, ғылыми ортамен жазысқан хаттары мен түрлі жазба-деректері талданып, эпистолярлық жанр аумағына қарастыруға болатын деректер қамтылған. Жазушының алуан жанрды жан-жақты қамтитындығын, тақырыптық һәм көркемдік-эстетикалық құндылықтарды арттырғандығын, әдеби реалистік мән мен стильдік ерекшеліктерді қолданғандығын, бай қазақы тіл мүмкіндіктерін қалың көпшілік қолданысына лайықты жеткізе білгендігін ескеріп, мәдени-рухани сұраныстарымызды толықтыру мақсатында Сәбит Мұқанов жазбалары қамтылған.

Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасы (хаттар мен хаттасулар) қалың көпшіліктен бастап, әртүрлі кәсіп иелері, оның ішінде мектеп оқушылары мен студент жастар, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, танымал тұлғалар, кино және театр қайраткерлері, еңбек адамдары т.с.с кеңінен қамтып, оның бәрі – баршасында ұлт мұрасы мен руханият ісі, көркемөнер мәселесі, әдеби шығармашылық пен оны дамыту мен жетілдіру жайы кеңінен қозғалады. Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеу еңбектері, бағалы ой-пікірлер жүйесі де бай мазмұн, тағылымды тұстарымен маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: автор, тақырып, туынды, жанр, көркемдік, кейіпкер, әдеби һәм мәдени мұра, тіл, стиль, хат.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-15-22>

Кіріспе. Академик-жазушы Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің барлық жанрында қалам тартты. Оның қаламынан шағын жанр-әңгімеден бастап, бірсыпыра повестер, қазақ халқының өмірі мен тарихын жан-жақты көрсететін көлемді романдар туды.

Жазушы қаламынан ондаған драмалық шығармалар, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, ағымдағы әдеби үдерістің жетістік-кемшіліктерін саралаған сын-мақалалар да жазылды.

Сәбит Мұқанов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көркеюі, өсіп-өркендеуі жолында көптеген қазақ қаламгерлерінің қадамдарына қолдау көрсетіп, қарапайым халықпен тығыз байланыс орнатты. Осы орайда, қаламгер С. Мұқановты хатында М.Әуезов: «Жолы кең жазушы» деп бағалаған [1, 44 б.]. Ғ. Мүсірепов: «Бір өзі бір энциклопедия» деп даралаған [2, 18 б.], М. Мақатаев: «Ол – қазақтың Бальзагі» деп даңқын асыраған [5, 25 б.]. Осы реттен келгенде, Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасы да өте бай. Өмірінің соңына таман Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивіне хабарласып, өз қолымен тапсырған хаттары (1634-қор) жеке зерттеуді қажет етеді. 1965 жылы 30 сәуірде Сәфи Құдашқа жазған хатында: «Менің «Хаттар мен хаттасулар» деген қалың кітап жасау ниетім бар. Сізбен жазысқан хаттардың біразын соған кіргізбекпін» - деуіне қарағанда, дәл осы хаттарының жеке жинақ болып жарық көруін С. Мұқановтың да өзі де армандағаны анық.

Жазушы С. Мұқановтың хат жазысқан адамдарының арасында көрнекті ғылым және қоғам қайраткерлері, шетелдік және қазақстандық ғалымдар, ақындар, жазушылар, баспагерлер ақпарат құралдарының басшылары, мәдениет және өнер қайраткерлері, әртүрлі маман иелері, т.б. көптеп кездеседі. Өмір жолының әртүрлі кезеңдерінде біреулерімен жиі,

екіншілерімен сирек болса да хат алысып-жазысып тұрған. Кітап мазмұнына қарап оқырманның қызығушылығы еркінен тыс ояна бастайды. Себебі, С. Мұқановтың хат жазысқан адамдарының тізімінің өзі едәуір екенін аңғарар едік. Олардың қатарында А. Толстой, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, М. Ғабдуллин, Н. Фазылов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Н. Баймұратов, К. Оразалин, Ш. Уәлиханов, А. Тоқмағамбетов, Т. Нұртазин, З. Шашкин, Т. Әлімқұлов, В. Фармер, А. Бекон, Е. Флейс, И. Әлібаев, Ғ. Малдыбаев, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Жамлиха, А. Храпченко, т.б. бар. Демек, Сәбит Мұқанов мұрасын жан-жақты қарастырып, зерттеген жөн.

Тақырыптың өзектілігі. Жазушы хаттары тақырып, мазмұн, көркемдік һәм құрылым тұрғысынан да мәнді. Сәбит Мұқановқа 1928 жылы 18 сәуірде жазылған хаттың мына бір ойларына назар аударсақ: «Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ, онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей, көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсін екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар, әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазір бет алыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім...». Ғабеннің 26 жастағы, алғашқы әңгімесін жазған тұстағы көркемдік бағыты, оның болашақ қаламгерлік қуаты мен ұстанымы сыр аңартып тұрғаны байқалады. Жазушы мұрағатындағы құнды хаттардың бірі осы.

Жазушы қаламынан туған әдеби мұра сан жанрлы, көлемді және идеялық-эстетикалық мәні жоғары әрі бағалы. Ол 80 мың жолға жуық лирикалық өлең, 20-ға тарта поэма, бірнеше повесть пен роман, көптеген әңгіме, 10-нан астам пьеса, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын талдайтын монографиялар жазды. С. Мұқановтың жеке қорында 2 тізбе, біріншісінде – 396 іс, екіншісінде – 45 іс, әрқайсысы 2 беттен 300 бет аралығындағы жазысқан хаттасулар бары байқалады. Демек, хатта мән де, сыр да мол.

Мәселенің талқылануы мен нәтижесі. Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасы мен зиялы қауым өкілдерімен жазысқан хаттары. Осы ретте тіл байлығы өте бай әрі құнарлы екені аңғарылады. Кітаптағы алғашқы хаты қазақ журналистерінің бірі, философ-ғалым Үмітбай Балқашевқа арналған. Біріншісі, 1924 жылы жазылған. Онда былай деп сыр ашыпты: «Алпамыс батырдың» Тайшұбары бақсыға құлын күнінде көрген кісенде, қолда тұрып «ол күнде қандай едім, бұл күнде қандаймын» депті деп оқитын едік. Ондай ауырлықта болмағаныммен, сен көрген дәуір мен осы күнімде көп өзгеріс болды ғой: алдымен менің қасымда сені танитын Рақима жоқ. Жаңадан алған әйелім Мәриям, Үмітбайға хат жазып отырмын десем: «Ол қайдағы жігіт?» дейді. Былтырғы жылы ұлым бар деп жазатын ұлым да жоқ. Көріспегелі аз-ақ жыл болып еді, қанша өзгеріс болды. Былтыр басымнан ауыр, тұманды күндер өтті. Көрмеген қиыншылықты көрдім. Өлім деген нәрсе оңай болғанымен, Рақима сынды адамды ашырқанбай көне қою оңай да емес екен. Оның үстіне Қазақстан жігітінің кесірі маған да тиіп, Кадаленко сықылды жолдастар маған Атбасарға қызметке барасың, - деп 3 рет қаулы шығартты. 6 айлық жас бала мен аз күн тәтті өмір сүрген жолдасты өлімнің құшағына беріп, тым болмаса көзін жасырмай кету қиын жүк болды. Осының бәрінде Ғабит пен сен сықылды жолдасты кісі қалай аңсамайды» - деп Сәбит алғашқы хаттама сөзін ұстазы Үмітбай Бұлқышевқа арнайды. [1; 8 б.].

Бірсыпыра хаттарда әдебиеттің, көркем шығарманың тағдыры сөз етіледі. Жас қаламгерлерге ақыл-кеңесін аямаған ұстаз тұлғасы да осы хаттар арқылы көрініс табады. Бұл хатында жазушы Кәмен Оразалиннің «Қасиет» атты повесінің жақсы қырына, кемшілікті тұстарына тоқталып, егжей-тегжейлі талдайды. Ақыл-кеңес береді, сын мен мін айтылады, қажеттілігі сөз етеледі.

С.Сәдуақасов бас редактор ретінде «Еңбекші қазақта» әдеби шығармалардан көркемдік сапасы жоғары дүниелер басылуға тиіс деп санаған болатын. Ол жалпы әдебиеттегі жалаң ұраншылдыққа, тар тапшылдыққа қарсы шықты. «Біздің тапшыл ақындарымыздың жазғанынан айқайы көп», деп, С. Мұқановтың творчествосын ашық сынға алып, кемшіліктерін көрсетті. Партияда жоқ интеллигенцияның «ықпалында» болуы, саяси «ұстамды емес», «партиялық бағытқа қарсы мақала, фельетон, өлеңдерді жариялауы», «өлкелік комитет директиваларын орындаудағы ұқыпсыздығы», «қайсыбір жолдастардың материалдарын негізсіз баспай ұстауы», осы сияқты «кемшіліктер» редактор үшін, әрине ізссіз өткен жоқ. 1926 жылы 18 сәуірде Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы «Еңбекші қазақтың» редколлегиясы туралы мәселе сөз қозғалды. Осы орайда, С. Сәдуақасовты редакторлық қызметтен босатып, оның орнына жауапты редактор және өлкелік комитеттің баспасөз бөлімінің меңгерушісі қызметіне Т. Рысқұловты бекітті.

Жалпы, сөз өнеріне деген зор үлес қосқан Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллин тек шығармашылық сабақтастығын ғана емес, сонымен қатар екі үлкен рухани сабақтастығы мен ішкі жан дүниесінің ұқсастығынан ойларының бір жерден шығатындығынан анық аңғара аламыз. Олардың шығармаларында адам мен қоғам, замандастар образын суреттеудегі шығармашылық қыр-сырын, жолдағы суреткерлік қалам қарымын дәйектеу тұрғысында арнайы қарастырылған еңбектер әдебиеттану ғылымында кеңінен қарастырылды.

Елдегі немере інісі Шәкен Мұстафинге жазған хаттары бір алуан. Елдің жаналықтарын көбінесе осы інісінен алып отырғанын аңғарар едік.

Жазушымен хат жазысқан адамдардың атақ-дәрежесі, құрамы мүлдем әртүрлі. Жазушы қоржынындағы мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің хаттарының өзі бір төбе. Атап айтсақ, М. Әуезов, І. Жансүгіров, Д. Қонаев, Ғ. Мүсірепов, Б. Момышұлы т.б. Сонымен қатар, Сәбит Мұқанов Совет Одағы көлеміндегі жазушылардың көпшілігімен достық, бауырластық қарым-қатынаста болды. Бұған дәлел ретінде, орыс жазушылары – А.А. Фадеев, Б.П. Пospelов, С.Л. Кирьянов т.б. және азербайжан жазушысы Мирза Ибрагимов, башқұрт жазушысы Сайфи Құдаш, өзбек ақыны Ғафур Ғұлам сынды жазушылармен хат жазысып, байланыста болады. Бастысы: «Сәбит Мұқановты ел таныған елеулі еңбектері алғаш жанрлардан бастау алған. Оның мұрасы мен мирасы хақындағы кіріспе орайында айтылған шолуымыз соңында академик-жазушы дәрежесіне дейінгі өмір, еңбек, шығармашылық жолы назар аудартады.» [1; 40 б.].

Жазушының хат қоржыны асыл қазынаға толы, ежелгі мен бүгінгі жалғап тұрған қасиетті мекені сияқты. Онда ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастап 70 жылдарына дейінгі тарих сақталған. Ал, осы уақыт аралығына мән беретін болсақ, бұл кезең қазақ халқы үшін аса бір қиын, естен кетпейтін езгінің табы түскен, майдан деп мал мен жанынан айырылған зор зобалаң жылдардың мезгілі болатын. Міне, осындай қиын-қыстау заманда да қазақ өзінің сүйікті жазушысына хат жазуын тоқтатпаған еді. Жазушының хат қоржынында шығармашылығына қатысты тұстары да көп-ақ. Осы шығармаларының ішінде алғашында «Жұмбақ жалау», кейіннен «Ботагөз» аталған көркем туындыға халық із суытпай жазып отырған. Шығарманы оқыған тек қазақтар ғана емес, сонымен қатар өзге ұлт ел азаматтары да сүйсініп аса құрметпен хат жазып, шығарма туралы сұрағын, өтінішін, түсінбеген тұстарын, соған қарсы сыни пікірлерін де білдірген екен. Оқырманнан келген хаттар жазушының қаламын шындайды десек те қате болмас. Жалпы, әдебиеттану ғылымында қалыптасқан заңдылықтар мен әдеби құрылымға құрылып жазылған көркем туындының тілдік ерекшеліктері де байқалады. Жазушы хатқа қарындашымен Ботагөзге деп белгі қалдырған екен. Ал, С. Мұқановтың әр хатқа шамасы келгенше жауап қайтарғанын ескеретін болсақ, мүмкін оқушы сұрағына сол кезеңде жауап берілген болуы де әбден мүмкін. Жазушы мен оқырман байланысының бір белгісі осы. Анығында: «Сәбит Мұқановтың өмір жолы мен қызметі, өзі туып, тәрбие алған қоғамның біртұтас бейнесі айқын көрінеді. Жазушының

осындай биік белеске көтерілуіне оның 1920-30 жылдары жазған прозалық шығармалары кеңінен орын алады...» [2; 196 б.].

Бастысы, Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасы өте мол. Жазушы үшін эпистолярлық жанр өте маңызды орынға ие болады. Оның эпистолярлық мұрасында екі жарым мыңнан астам хаттары бар. Зерттеу үшін ең үлкен қызығушылық, бұл Сәбиттің жақын адамдарға арналған хаттары болып табылады.

Жалпы, Сәбиттің хат формасында жазылған «Қандас досыма хат» (М. Шолоховқа), «Досыма хат» (Ү. Балқашевқа) т.б. сын-мақалалары әдебиет мәселелерін терең толғайтындығымен қатар, халық тарихын шежіредей тарататындығымен құнды. Бұл хат-мақалалар да С. Мұқановтың эпистолярлық жанрға ерекше құрметпен қарағанының белгісі. Әрі хат арқылы да өмір мәнін, нәрін де кеңінен көрсетеді. Демек, орайлы тұста: «Академик Сәбит өзі қатарлас ақын-жазушы, қоғам қайраткерлерінің арасында халықтан көп хат алған және сол хаттарға тиесілі жауап қайтарған ұлы қаламгер» [3; 10 б.].

Кейбір зиялы қауым сыни тұрғыдан да хат жазысқан болатын. Бұл ретте қатардағы қаламгерлерден бастап, ұлы жазушымыз Сәбит Мұқановқа дейін ұшқары көзқарас танытқан оқиғалар болғаны да шындық. Мұндай жәйт Бауыржан Момышұлыны талай қынжылысқа түсіргені мәлім. Мәселен, ол 1967 жылы Омаровқа жазған хатында, жазушы Сәбит Мұқановқа деген ренішін былай баян етіпті: «Мұхтар мен Ғабиттен еш нәрсе шығара алмағаннан кейін, енді мені біраз ермек еткісі келген болуы керек. Тексеріп жатқан сенің приемнигің» - дейді. - Мен үріккен танадай сыртқа қашып жүрместен, барлық жақсылық-жаманшылықты елге барып көрейін деген принциппен барлық қызметтерімді – творческ[ий] тоқтатып, келесі аптада Алматыға аттанбақпын. Шынымды айтсам, орынсыз жерде етегімнен алып, қызметтеріме кедергі болғандарына өте ренжіп отырмын. Амал қанша – барайын, көзбе-көз отырып тілдесейін. Демек, «мен опальный қазақ болмақпын» (3; 390 б.). Әрине, мұндай реніштерге басу айтып, ақыл қосып отырғандардың бірі – Ілияс Омаров. Бауыржан Момышұлы кейін Сәбит Мұқановпен тіл табысқаны, оны құрмет тұтқаны белгілі.

С.Мұқанов тағылымын сөз ететіндер қазақ әдебиетінде өте көптеп кездеседі. Олар Сәбитті әр қырыннан зерттеп, баянды шығармашылық ғұмырының ашылмаған мол қазына екендігіне көз жеткізді. С.Мұқановтың қаламынан туған сыни мақалалар қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы қалыптасу, даму кезеңдерінде айтарлықтай зор рөл атқарды. Анығында, хаттар тақырыбы, мазмұны әр түрлі болғанымен, адами байланыс, өз-ара құрметі, сөз өнері мәселелері кеңінен қозғалады. Ол әсіресе: «Әдебиет сынында, мерзімді баспасөз беттерінде романның идеялық-көркемдік табысы мен маңызды мәселелерін, ондағы реализмнің әлсіздік пен қаһарманның қоғамдық деңгейге көтерілуін, типтік пен даралық мәселелерін, әлеуметтік жағдаяттар сырын, туындының туу процесіндегі қаламгер мұраты мен шығармашылық шеберханасын әдебиетші ғалымдар зерттеу еңбектерінде түйінді ойлармен дамытты» [4; 89 б.].

С. Мұқановқа 1928 жылы 18 сәуірде жазған хатындағы мына бір ойларына назар аударайықшы: «Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей, көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқытынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазір бет алыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім...» [5; 6 б.]. Хат-хабарда жазылған әрбір ақпарат зерттеушілерге тарихи орындарды, күндерді және атауларды белгілеуге көмектеседі.

С. Мұқанов жазбаларында – І. Жансүгіровке, Ғ. Мүсіреповке, М. Әуезовке, Н. Баймұратовқа, Д. Нұрпейісоваға, І. Омаровқа, басқа да қоғам, адам, өмір, уақыт туралы ой-пікірлері орын алады. Бұдан байқалатыны: «Туған әдебиеттің қаз тұрып, даму, қалып-

тасу тәжірибелеріне әр жанр бойынша өндіре жемісті еңбек қылған С. Мұқановтың қазақ әдебиеті тарихында алар орны өте зор. Ол өзінің социалистік құрылыс шындығына сай жазылған көлемді еңбектері дәрежесі биік, рухани әсері күшті шығармалармен бүгінгі таңда да қалың көпті қайта құру қызметіне орнықтыруға сондай-ақ жаңаша ойлаудың рухани саладағы жетістіктерімен байытып келеді.» [6; 98 б.].

Оның жиі хатында Сәбит Мұқанов әдебиет пен көркем шығармалардың тағдырын талқылады. Осыған байланысты Қазан Оразалиннің «Қасиет» әңгімесін талдауға болады: «Менің соңғы сөзім: шығармада «үлкен» және «кішкентай» кейіпкерлер болуы мүмкін емес. Әрбір кейіпкердің өзінің жеке бір мағынасы бар. Олардың арасындағы айырмашылық біреуінің жұмысы көп ал екіншісінде аз ... Егер кейіпкер аз әрекет етсе де, оның деңгейінде бұл көрсеткіш толық, нақты және сенімді түрде көрсетілуі керек. Әйтпесе, ол әдеби сурет болмайды... Достық сәлемімен Сәбит Мұқанов. 29.X.1948, Алматы қ.»

«С. Мұқанов – поэзияның бар талабы деңгейінен табылған ақын, жиырмамыншы жылдары Сәбит қазақтың кедейлері мен жалшы-жақыбайлардың өмір-тұрмысын, олардың кезең өзгерістеріне белсене араласуын жырлаған, әлеуметтік шаралардың мәнін көркемдік амалдарымен насихаттаған, кешегі шаруаның мәнін бүгінгі колхозшыға айналуын бейнелеген, еңбекші бұқараның ой-арманың, тілек-мақсатын суреттеген лирик, өмір оқиғаларын сюжетті желіге тартып, кең көлемді поэтикалық баяндаулар мен толғауларға барған эпик ақын.» [7; 108 б.].

Өмірінің соңғы жылдары жазушы өзінің хаттары мен құжаттарын Орталық мемлекеттік мұрағатқа тапсырды. Бұл бай мұра өзінің жеке зерттеуін күтері анық.

Осы реттен келгенде, сөз жоқ: «Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі С.Мұқановтың алғашқы шығармашылық еңбегі жеке жанрлар үлгісінде қарастырылып, осы кезең аралығындағы идеялық-көркемдік мәселелермен сабақтастықта сөз етіледі. Сонымен бірге қаламгердің прозалық шығармалары алғашқы басылым негізінде идеялық көркемдік сапасын, әдіс-тәсілді игеру принциптерін, тіл байлығы мен стильдік сипаттар сырын ашу мұраты телқабыс қарастырылады.» [8; 138 б.].

Мұның мәнісі, әдеби шығармашылық та жеке әлем, өзгеше үрдіс. Оның өзі: «Қаламгердің көркем сөздегі талант қырын, ойлы да азаматтық пафосқа толы философиялық тұжырымдарын, әсерлі әңгіме, маңызды очерк пен публицистикалық мақалаларын, повесть пен романдарын келешекте де жаңа қырынан, соны принциптер тұрғысынан талдап, таразылау міндет. Демек, С.Мұқановтың әдеби мұрасы әлі де зерттеліп, зерделі көңіл төрінен орын алып, зейінді зерттеушілер еңбектерімен толығы түседі, зорая бермегі ақиқат. Мұның өзі таза талантқа тән өлшемдердің бірі.» [8; 142 б.].

Әдеби шығармашылықта жазушы еңбегі, оның хаттары да айырықша орын алады: «Өз уақытының және адамдардың тағдырларының құпияларын сақтайтын туындылары мен хат-хабарлары біздің халқымыздың сүйікті ұлы үшін бұзылмайтын ескерткіш болады», - деді Әділғазы Қайырбеков. Сәбит Мұқанов өзі туралы былай жазған: «Жол таптым бар қазақтың жүрегіне, осы да жетті деген тілегіне!». Бұл – жазушы еңбегі негізгі ұстанымы әрі жазушы өмірінің шындығы еді.

Сәбит Мұқанов өзінің «Есею жылдарында»: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйіркелесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сонда ғана білдім. Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Замандас» - оның лақап апты екен. Ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасөзін көп оқитын адам екен», [9; 88 б.]. - деп суреткерлікпен айналасқаны туралы сыр шертсе, Әуелбек Қоңыратбаев «Керуен» атты естеліктер кітабында: «Ол – өткір тілді, тапқыр, кең тұлғалы кісі еді. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін. Ашуы жоқ, мінезі дарқан, сөздерін тастай етіп айтатын арыстан туған кемегер адам еді», [6; 147 б.]. -деп бір ауыз сөзге толтырып айтады. Сұлтанбек-

ті өз көзімен көріп, сөзін тыңдаған өзге де – Ғалым Ахметов, Шафик Шокин, Дүйсеқұл Сарқұлов, Айтжан Бутин секілді қадірменді азаматтардың естелік жазбаларындағы пікірлер де осы төңірекке келіп тоғысады. Осы орайда, Сұлтанбектің публицистикалық және әдеби мақалалары, аудармалары, өлеңдері сол кездегі мерзімді басылымдардың беттеріне көбіне «Тарпаң» және «Тоқпақ» деген бүргеншек аттармен жарияланды.

